

## СОТТЫЛЫҒЫ БАР ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Сүлеймен Таңшолпан Қуандыққызы**

*[suleimentan777@mail.ru](mailto:suleimentan777@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 3 курс студенті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к., доцент Ашимова Э.А.

Қоғамымызда әйел қолымен жасалатын қылмыс түрлері артып отыр. Оның ішінде адам өлтіру немесе тапсырыс беру, ұрлық жасау, есірткі затын тасымалдау секілді аса ауыр қылмыстарға барған нәзік жандылар көп. Ер кісілерді былай қойғанда, ақ жаулықты анадан бастап, көз тартар қыздарымызға дейін түрмеге тоғытылып жататынын көзімен көрген бүгінгі ұрпаққа қазақтың жерінде түрме болмады десек, өзінді есалаңға есептейтініне шүбәңіз болмасын. Бүгінде Қазақстандағы әйелдердің түрмесінде 3 мыңнан астам қыз-келіншек қылмыстық жазасын өтеу үшін отыр. Адам айтса сенгісіз сұмдық?! Елінде түрме болмаған, ер азаматы түрмеге түспек түгілі, жұрт алдында айыптау сөзін есітудің өзін өлімге санаған ұлттың енді келіп қыз-келіншегіне дейін сотталып жатса, бұл нағыз ұлт трагедиясы емес пе? Қазақ әйелдерінің түрмеге түсуі соңғы 40-50 жылда пайда бола бастап, ел Тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдарда бірден бел алып кеткенін өтірік деп айта аламыз ба? Жоқ. Кеңестік кезеңнің өзінде әйелдердің түрмеге түсуі дәл қазіргідей көрсеткішке жетпегені анық. Халқымыздың рухани азғындыққа ұшырауына есік ашылды. Дала демократиясының қуатымен ел еңсесін биік ұстаған ұлылардың ұрпағы енді бүгінде «бақа, шаяндай» бола бастағаны рас па? Адамзатқа әлемнің жарығын сыйлаған, тірліктің тізгінін ұстап, өмір қамқоршысы болған әйелдердің түрмеге түскеніне бүгінде намыстанатын қазақ бар ма. Ұлттық намысымыз өліп, бейшарадай бүрісіп бара жатқандаймыз бәріміз де. Небір қиындықтарды басынан өткізгенде қылмысқа бармаған қазақтың – қыздарын не желіктіріп жүр? Адам аштықтан өлетін елде тұрып жатқан жоқпыз. Қайта, тоқтықтан дүние тойымсыздыққа сүйреген құлқы-ниет әйелдерді еріксіз темір тордың артына сүйреуде. Оны намыс көріп жатқан қазақ жоқ. Тіпті сотталған әйелдердің санын азайтсақ деген ниет те, салиқалы сөз де жоқ. Қайта, құқық қорғау органдары билігіндегілер жанадан әйелдер түрмесін салуды еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселедей ауыз толтырып сөйлеуге шықты [1].

Түрмеде туған бейкүнә сәбилердің аянышты тағдыры кімді алаңдатады. Темір тордың артында 22 бейкүнә сәби өмір сүріп жатыр. Бұл балғындардың өзге балалар сияқты бостандықта жүріп, таза ауамен демалып, ағаштың бүршік жарғанын көріп, өзінің қатарластарымен бірге дамуына

құқығы бар. Бірақ, аналары қылмыс жасағандықтан түрмеде күнелтуге мәжбүр. Ал тозығы жеткен түзеу мекемелерінің бүгінгі жағдайы көңіл көншітпейді. Сотталған аяғы ауыр әйелдер Алматы облысы Жауғашты ауылындағы колонияда жазасын өтейді. Қызылорда қаласының тұрғыны, көп балалы ана Перизат та алаяқтық үшін 4 жылын осы түрмеде өткізген. Келіншек түрмеде қызды болады, кейін күйеуі кездесуге келіп жүргенде Перизат тағы бала көтеріп, түзеу мекемесінде бесінші перзентін өмірге әкеледі. Перизат, жазасын өтеп шыққан келіншек:

Сол жерде ана мен баланың айырылысуы көз алдымда болды. Үш жасқа толған бала ес біліп қалған бала ғой, анасынан жыраққа кетіп бара жатқанын сезіп қатты жылап, балалар үйінен шыққысы келмей, қолдарынан сүйреп алып кеткендей болды. Содан кейін сотталған аналар депресияға түседі, оңай емес сондай жағдайлар. Нәрестелер түрмеде үш жасқа дейін болады. Ал одан кейін оны туған-туыстары алып кетуі тиіс. Егер ондай жанашыр табылмаса сәби балалар үйіне жіберіледі. Адам құқығын құрметтейтін елдерде сәбилер мектеп жасына дейін жазасын өтеп жатқан шешесімен бірге, түрмеден тысқары жерде орналасқан арнайы мекемеде тұрады. Бірақ Қазақстан талай халықаралық конвенцияларды ратификацияласа да бұл мәселені шешкен жоқ. Зағипа Балиева, Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары жөніндегі уәкіл:

– Бұл балғындарды ешкім соттаған жоқ. Анасы шалыс басты екен деп оларды түрмеге қамап қойған дұрыс емес. Бірақ сәби анасынан бөлек өмір сүре алмайды. Сондықтан бала үшін анасының жанында әрі түрме аумағынан тысқары жерде тұратын жағдай жасау керек. Ал әйелдерге арналған түрмелердің жағдайы мүшкіл дейді сарапшылар. Себебі әу баста ер адамдарға бейімделіп, лагерь ретінде салынған түрмелерде әйелдерге тұру өте қиын. Бір бөлмеде 100-ге жуық адам, бас бостандығынан айырылған адамдар сол жерде ұйықтайды, сол жерде жазасын өтеп жатады. Яғни, түрменің ішіндегі өмір ол өте қиын. Оны өзгерту үшін күрделі реформалар қажет [2,3].

Қазақстанда 79 түзеу мекемесі бар, оның алтауында екі мыңнан астам әйел жазасын өтеп жатыр. Қолмен істегенді әр адам мойнымен көтеруге міндетті. Бірақ, қылмыс жасаған әйелдердің барлығын темір торға қамай бермей, баламалы жаза түрлерін көбірек қолданса дұрыс болар еді деп ойлаймын. Әйелдер үшін бейімделу процесі өте күрделі өтеді, олардың отбасылық пен туысқандық байланыстарын қалыпқа келтіру қиынға түседі. Осындай жағдайдағы, яғни сотталған әйелдерге байланысты өмірде отбасы шырқының бұзылуы жиі кездесіп жататыны аян. Жалғыз басты әйелдер тұрмыс құра алмай, өзінің жағдайын өзгерте алмай далада қалатын кездер де көп кездеседі. Сондықтан ондайларды босатар кезде күні бұрын, алдын ала олардың тұрмыстық жағдайының ойдағыдай болуын ойластырған да жөн сияқты. Жазасын өтеп шыққандардың еңбекке орналасуына көмек көрсету олардың өмірі үшін өте қажетті мәселе. Адамның қоғамдық пайдалы еңбекке араласа отырып, ең бастысы өзінің тіршілігіне қажетті табыс табады, өзінің

материалдық моральдық мұқтаждықтарын қанағаттандырады. Ұжым арасында олардың бойында өмірге, еңбекке, адамға, заңды құрметтеуге дұрыс көзқарас қалыптасады. Көпшілікпен бірге өндірістік міндеттерді орындауға араласып, өмірден өз орындарын табуға тырысады. Әлеуметтік бейімделу мазмұны туралы мәселеге жауап беру үшін ең әуелі мұндай бейімделудің не қажеті бар деген мәселені анықтап алуымыз керек. Бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаның мәнін алатын болсақ, ол адамды қоғамнан алшақтатып, онсыз да қыры кеткен адамның өміріне тайға таңба басқандай дақ салып, өмірге деген көзқарасын өзгертіп, белгілі бір шектеулер мен бейімсіздікке бастайтыны белгілі. Осындағы шектеулердің қатарына туған-туыстары және отбасымен қарым-қатынастың тарылуы ғана емес, тіпті мысалы әдебиет пен өнерден, білім мен ғылымнан хабардар болып, оны одан өрістету, еңбек ұжымдарында адамдармен араласудың және басқа да әрекеттердің нәтижесінде келетін қоғамдағы рухани байлықтарымен байланысу мүмкіндіктерін де жатқызуға болады. Әділетсіз, жазықсыз күйзеліске ұшырататын құбылыс ретінде көрінетін бас бостандығынан айыру жазасы сотталған әйелді қоғамнан алшақтатып, жағдайын қиындата түсетіні сөзсіз. Сотталған әйелдің жағымсыз субъективті жай-күйі мен күйзелісі көптеген жағдайда олардың ортаға деген сенімсіз көзқарасымен, ыза-кегімен, ұру мен соққыға жығыламын, бейшара күйге түсемін деген қорқыныш сезімімен, ал өзін жәбірлеген адам жазаланбайды деген ойлармен көрініп, білініп тұрады. Осыған орай, дөрекілік пен шектен шығушылық, қокан-лоққы жасаушылық бас бостандығын айыру орындарындағы тамырына балта шауып, мүлдем құртатын мәселеге айналғалы қашан. Бас бостандығынан айыру орындарындағы тым жоғары психологиялық шиеліністер, үнемі жанжал тудыратын себептер, адамгершілік қасиеттің бұзылуы сияқты көріністермен бірге сотталғандардың тұрмыстық жағдайларының нашарлығы, бассыз кеткен тәртіп пен тіршілік, біреудің біреуден қорқыпсескенуі осының бәрі өте қолайсыз жағдай туғызады. Айналысын үнемі небір бұзық мінезді адамдар қоршаған сотталған әйел өзіне-өзі келе алмай, не істерін білмей, алдағы болашағын болжай алмайтындай көңілсіз күйге түседі. Мұндай жайдың бәрі бас бостандығынан айыру орындарында бір ғана жынысты, небір бұзылған, шектен шыққан адамдардың бір жерге шоғырлану салдарынан пайда болады. Бас бостандығынан айыру орындарындағы тұрмыстық жағдайға келетін болсақ, ол өте шектеулі, жұтаң, күйкі тірлікті, жабайы, дөрекі, бір сөзбен айтқанда басқа халықтың тіршілігімен салыстырғанда тым кері кеткен. Бұл көбінесе сотталғандарды тамақтандыруға, емдеуге, тазалығын ұстауға жағдайдың жоқтығымен, әсіресе әйел затына деген жағдайдың ойластырылмауымен, жалпы алғанда пайдалы іспен айналысуға мүмкіншіліктің жұтаңдығымен көзге ұрып тұрады.

Қазіргі кезеңдегі түзеу мекемелеріндегі өндірістік базалардың осалдығы, сотталғандардың бәрін бірдей қоғамдық пайдалы еңбекпен қамтамасыз ету мүмкіндігінің жоқтығы жағдайды күрделендіре түсуде. Шиеленісті, ыза

тудыратын, ыңғайсыздық жағдайлардың объективті және субъективті себептерінің жиынтығы келіп қамаудағы сотталғандардың арасында алауыздық тудырып, бір-біріне күш көрсетумен тынады. Бір сөзбен айтқанда, сотталғандардың өміріне қажетті материалдық факторлардың қанағаттандырылмауы психологиялық жағымсыз әрекеттерге әкеп соқтырып жатады. Күш көрсету, зорлық-зомбылық жасау осындай себептердің салдарынан тамырын тереңге жайған келеңсіз көріністердің бірі. Шын мәнінде бас бостандығынан айырудың өзі де күш көрсету мен зорлық-зомбылық. Мысалға айтатын болсақ, Алматыдағы 155/18 мекемесінде зорланған келіншектер біреу ғана емес екен. Бұған дейін жазасын өтеуші Наталья Слекишина осы абақтыда 4 бірдей түрме қызметкерінің жыныстық қатынасқа мәжбүрлегенін мәлімдеген. Сол кезде әйел жүкті болып, қыз туған. Сөйтсек, бұл темір тордың арғы жағындағы былықтың шегі емес екен. Бүгін қоғам белсенділері тергеу абақтысындағы қызметкерлерден қорлық көрген тағы 2 әйел туралы айтып берді. Бұл осы мекемедегі қалыптасқан жүйе екен. Темір тордың ар жағындағы былық туралы бүгін қоғам белсенділері мен құқық қорғаушылар мәлімдеді. Ал қарсылық білдіргендерге қоқаң-лоққы көрсеткен. Қазір қапастағы жыныстық мәжбүрлеуден кейін еріксіз түрде балалы болған екі әйел белгілі [3].

Осы жайтты білгеннен кейін түрмедегі әйелдердің құқығы тапталып жатқаны анық екеніне көзіміз жеткені анық. Әйел адам бас бостандығынан айыру орнынан жазасын өтеп шықты делік. Ал енді оның одан әрі қалай өмір сүруі тиіс? Мұндай сауал түзеу мекемесінен босап шыққан әрбір адамға қатысты қоюға тура келеді. Кейбіреулер, өз басына өзі бәле тілеп алды, енді не істесе соны істесін, дұрыс жолға түсіп, қоғамының лайықты азаматы боламын десе өзі білсін деп өз еркіне жіберуге тағы болмайды. Аса маңызы бар мұндай мәселеге көз жұмбайлық жасауға болмайды. Әрине онсыз да әркім ала көзбен қарайтын адамның өмірден өз орнын тез таба қойып, қалыпты өмір арнасына түсе қою оңайлықпен келмейді. Жазасын өтеп шыққан адамдар жұмысқа орналаса алмай, сергелдеңге түсіп, амалсыздан қылмыстық топқа еніп, солармен бірге жаңадан қылмыс жасайтын жәйттер жиі кездеседі. Оның ішінде әйелдерде бар. Ал енді кейбіреулері өзінің қателігін түсіне біліп, дұрыс жолға түсіп, адал еңбек еткісі келеді, заңды құрметтеп, оны бұзбауға тырысады. Не істеу керек? Неге, кімге сенуге болады? Олардың қолында қандай құқық пен міндет бар? Ал соны жүзеге асыру үшін үкімет пен мемлекет тарапынан қандай көмек бар? Мұндай адамдарды әлеуметтік бейімделуін қандай жолмен жүзеге асыруға болады? Қатты толғандыратын мәселе осы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Qasym.kz ақпараттық-танымдық портал. 19.01.2018
2. Egemen Qazaqstan. ресми сайты
3. Baq.kz сайты 10.08.2016